

# Алматым, менің

Жаксы екен ғой Алматым.  
Алтын тулы астанам!  
Осы екен ғой жаннатың  
Атам қазақ аңсаған.

Сен екенсің «жер ұйық»  
Мен екенмін бір Асан,  
Құшар едім кеп сүйіп  
Құшағыма сен сыйсаң.

Келдім сені сағынып  
Алтын ұям Алматым,  
Кең көшенде басып нық  
Мен бір жүрген солдаттың.

*От* пен темір сайысқан,  
Келдім майдан төрінен.  
Жер құшам деп көр құшқан,  
Жау жерінен келдім мен!

Көкірегімде суретің,  
Жүрдім сақтап астанам!  
Әлде сенің құдретің  
Оқ өтпеді дәл маған.

Сағынышын солдаттың,  
Сен сұрама, мен айтпан.  
Кетті шығып бір атқын  
Кеудемдегі шынайттан.

Күлкі-жасы аралас,  
Ақын да бір жас бала,  
Тербет өзің, мауқын бас,  
Алтын бесік астана.,,

Жүрмін жортып қызықтап,  
Көше қоймай баспаған:  
Сыбырлайды жапырақ,  
Жалт қарайды тас маған.

Өкпе назға манифест  
Жатыр құшып достарым,  
Сары алтын күн, думан кеш,  
Қанар емес құмарым.

Аға, жеңге, аға-еке,  
Көрші, құда, құдағый,  
Қыйыры жоқ мереке, —  
Бір мемлекет біздің үй.

Ән мен күйді сапырған  
Сал домбыра, сал ожау,  
Сабырлы оймен отырған  
Бір жария Ала тау.

Неткен сұлу өмірің,  
Қарай берем үңіліп,  
Қажайып бір мейірман  
Келешегің тұр күліп.

Жақсы екен ғой Алматым!  
Алтын тулы астанам.  
Осы екен ғой жаннатың  
Атам қазақ аңсаған.

**Қасым АМАНЖОЛОВ.**

Социалистік Қазақстан. - 1945. -  
29 июль (№ 156). - 2 б.